

ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ PR-БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

13 қараша 2015 жыл



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ PR-ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»

13 ноября 2015 года



MATERIALS

of International scientific and practical conference

«ACTUAL PROBLEMS OF PR-EDUCATION IN KAZAKHSTAN»

November 13, 2015

Алматы 2015

Багиля Ахатова, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, координатор научно-практического проекта "РРикладные коммуникации" считает, что очень важно обеспечить PR-факультеты рекомендациями и стандартами, включая:

- 1) определение требований к PR-образованию в поликультурном и глобальном обществе;
- 2) рекомендации по квалификационным требованиям на уровне студента и выпускника вуза;
- 3) рекомендации по учебному плану для вышеуказанных уровней;
- 4) определение минимальных и желаемых ресурсов (оборудование, техника, учебники) для PR-образования и описание критериев оценки данных ресурсов [5].

Таковы мнения казахстанских, российских, украинских специалистов PR. Перед нами стоят большие задачи. Которые в суете сует мы никак не можем решить:

1. Сделать профессию узнаваемой и привлекательной.
2. Обучать и переобучать педагогов.
3. Обучать бакалавров и магистрантов с использованием новых технологий, с привлечением практиков и изменением формата защиты дипломных и магистерских работ.
4. Изменением стандартов образования.
5. Изменением правил приема на специальность «Связи с общественностью».

Литература:

1. Ахметова Л.С. Кафедра менеджмента СМИ и рекламы. – Алматы: Казахский университет. – 2003. 32 с. /4-5/.
2. Душкина М. Р.. PR и продвижение в маркетинге: коммуникации и воздействие, технологии и психология: Учебное пособие — СПб.: Питер. — 560 с., 2010. — <http://uchebniki-besplatno.com/marekting-ub/obrazovanie-problemyi-obucheniya-kak-13899.html>
3. Блажко С. Проблемы PR образования в Украине. 13 апреля 2007 г. — <http://www.prereklamu.com/articles/public-relations/4762--pr-.html>
4. Круглый стол "Отечественное PR-образование: реалии, проблемы, перспективы". Украина. — <http://iib.com.ua/ru/novosti-mib/item/1889-kruglyiy-stol-otechestvennoe-pr-obrazovanie-realii-problemyi-perspektivy.html>
5. Ахатова Б. Преодолевая разобщенность. — http://www.sovetnik.ru/journal/archive/article_5678.html

Шыңғысова Н.Т.

Филол. г.д., ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры

«ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ғылыми-инновациялық технологиялардың дамуы, ғылым мен білімді, өндірісті тиімді ықпалдастыру қажеттілігі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде оқытудың инновациялық әдістерін кең қолдануға ықпал етеді. Оқу үдерісі үнемі жетілдіруді қажет ететін сала болғандықтан, оқытудың әдістері туралы бірегей классификация әлі түзілген жоқ. Оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, белсенді оқыту, оқытудың тұлғалық-бағыттау әдісі, мәселелік оқыту және жобалау, герменевтикалық, нақты оқиғаны талдау әдістері, іскери және рөлдік ойындар т.б. инновациялық әдістері бар. Олардың мақсаты – студенттің белсенділігін арттыру, жеке ойлауға, шешім қабылдауға машықтандыру, «тұлға» ретінде өзін-өзі жетілдіріп, қабілетін ашуға, оқытушымен өзін тең дәрежеде сезінуіне мүмкіндік беру болып табылады. Оқытушы да студенттің шығармашылық қабілетін барынша ашуға тырысады.

«Қоғаммен байланыс» пәнін оқытуда білім берудің белсенді әдістері қолданылады. Қазіргі таңда қай салада болмасын, іскерлік қарым-қатынастар аса маңызды. Этикалық нормалардың негізін оқыту студенттің мәдениетті, кәсіби маман болып қалыптасуына ықпал етеді. PR-технологиялардың қолданылуындағы іскерлік байланыстардың маңызы зор. «Қоғаммен байланыс» курсы тек қызмет бабындағы ғана емес, сонымен қатар адамгершілік мәдениетін, этикалық нормаларды, іскерлік қатынас барысындағы машықтарды да қамтиды. Курста қоғаммен байланыстың қазіргі технологияларына қатысты жалпы теориялық және практикалық білім негіздерін құрайтын мәселелер қарастырылады. Іскерлік қарым-қатынас үдерісіндегі табысты әріптестікке бастайтын психологиялық әдіс-тәсілдердің жалпы принциптеріне баса көңіл бөлінеді. Ұжымдық және жеке ықпал ету әдістері мен құралдары көрсетіледі. Оқытудың нақты пәндік әдістері студенттердің жазуға төселуіне, PR-құралдарын табысты жүзеге асыруына, іскерлік қарым-қатынас негіздеріне машықтануына және табысты жетекшінің имиджін қалыптастыруға көмектеседі. Жас маманды іскерлік жағдайды дұрыс таразылап, талдауға және оған тиімді ықпал етуге үйретеді. Пән барысында студенттер берілген тапсырмаларды орындай отырып, болашақ кәсіпке машықтанады. Тұлға ретіндегі шығармашылық

және коммуникативтік қабілеттері оянады, мәселеге жеке көзқарасы қалыптасады, алған білімін практикада қолдануға машықтанады. Мәселелік дәріс материалды баяндау барысында шешілуге тиіс, терең ойлануды қажет ететін мәселе қоюдан басталады.

Курс барысындағы «Есірткіні бірге тоқтатамыз» мәселелік дәрісінде студенттер екі міндетті жүзеге асырады. Біріншіден, әлеуметтік жобаның жасалу кезеңдерімен танысып, нақты іс-шараларды жүзеге асыруға болатындығына көз жеткізеді, берілген жоба үлгісінде өздері де әлеуметтік жобалар жасап үйренеді. Екіншіден, дәрістегі қойылған мәселенің шешілуіне атсалысады. Дәрістің мақсаты – ақпаратпен таныстыра отырып, бірлескен қызмет арқылы студент пен оқытушының бір деңгейдегі мүдделерін тоғыстыру. Мәселені тек бірлескен қызмет барысында ғана шешуге болады. Яғни, дәрістегі қойылған мәселенің шешілуі студент пен оқытушының бірлескен жемісті еңбегі. Тапсырманы бағалау критерийлеріне: кретаивті идеяның, қазақстандық мысалдардың болуы, мәселенің толық шешімін табуы, тақырыптың терең ашылуы, жобаның түпнұсқалығы, студенттің материалды таныстырудағы жоғары мәдениеті мен шешендік өнері, өзіндік ұстанымының болуы жатады. Дәріс барысында туғызылған мәселе студентті практикалық қызметке бейімдеп, кез келген мәселені кезең-кезеңімен шешу қажеттігін көрсетеді, өзіндік ой қорытып, тұжырым жасауға мүмкіндік береді, құзіреттілігін қалыптастырады. Болжам жасауды, ақпарат көздерін тандай білуді үйретеді. Студент ақпараттық кеңістікте дұрыс бағыт ұстап, мәселелерді өзі анықтап, шешіп, қызметінің нәтижелерін болжап, бағалай білуге машықтанады.

Мәселелік оқытуда әртүрлі ақпарат көздері мен құралдарды қолдану қажет. Материалды баяндамас бұрын, мәселені қойып, танымдық міндет қалыптастырамыз, кейінгі қадам дәлел-дәйектер келтіру, көзқарастарды салыстыру, студенттердің қойылған міндеттерді шешу әдістері мен мүмкіндіктерін бағалау. Дәрісте оқытушы оқу материалдарынан мәселелік оқиғаларды өзі таңдап, қарама-қайшылық тудырады. Оның пайда болу себептерін талдап, практикалық қорытындылар жасайды. Ал мәселелік семинарда берілген курстың, тақырыптың мазмұнымен байланысты мәселелерді студенттің өзі іріктеп, таңдап алады, түсіндіреді. Семинар барысында топтық пікірталас ұйымдастырылып, мәселе талқыланады. Бұл әдіс студенттің іскерлік қатынас принциптеріне қызығушылығын оятып, осы саладағы білім деңгейін көрсетеді. Пән барысында сондай-ақ тақырыптық, бағыттаушы, жүйелі семинарлар жүргізіледі. Олардың барлығы да студенттің жеке көзқарасын қалыптастыруға, ақпаратты студенттің жете меңгеріп, практикамен ұштастыруына бағытталған.

Болашақ PR-мамандарын өзгеріске жедел бейімделетін, нарықты болжай білетін, көпшілікпен тез тіл табысып, кәсіби этиканы, тұлғааралық қарым-қатынасты тиімді орната білетіндей етіп тәрбиелеу қажет. Қоғамдық құндылықтардың өзгеруімен байланысты менеджмент этикасы да елеулі өзгерістерге ұшырады. Бүгінде тұлға және оны ашу, қажеттілікке бағытталу алдыңғы қатарға шықты.

Курста қолданылатын тұлғалық-бағыттау әдісі студенттің ұлттық-психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тұлға ретінде қабылдап, оқытушымен тең дәрежеде сенімге негізделген ашық қарым-қатынас құру. Бұл «Қоғаммен байланыс» пәнінің де мақсатына келеді. Аталған әдіс бойынша студент өзін-өзі танып, бағалап, кәсіби дамытуға тырысады. Ғалымдар бұл бағыттың қоғамды ізгілендірудің жалпыәлемдік тенденциясын жетілдіруге атсалысатындығын дұрыс байқаған [1].

Сабақ барысында әр студентке өздері орындаған тапсырмалары бойынша портфолио жасату тиімді. Бұл студенттердің берілген тапсырмаларды толық орындауына ықпал етеді әрі оқытушының әр студентті тапсырмалардың орындалуына қарай әділ бағалап отырғандығына көздері жетеді. Аралық бақылау кезінде портфолиодағы апта сайын орындалған тапсырмалардың деңгейі студенттің сабаққа қызығушылығын, алған білімінің нәтижесін көрсетеді.

Белсенді оқытудың мақсаты – студенттердің оқу материалын толық меңгеруіне, берілген тапсырманың шешімін тауып, дәлелдеуге, студенттерді ұжымда, топта жұмыс істей білуге, өзге көзқарас, ұстанымды шыдамдылықпен тыңдай білуге, өз пікірін қалыптастыруға ықпал ету. Пәнді жүргізу барысындағы рөлдік ойындардың студенттерге әсері күшті екендігіне көз жеткізілді. Өзі ойнаған рөлдің әсерінен арыла алмай отырған студенттің шынайы, әсерлі баяндауы топтағы өзге студенттерді де еліктіріп алын кетеді. Оқиганы өз басынан кешірген студенттің тақырыпты терең меңгеріп, шешілу жолдарын ұтымды ұсынуы жиі кездеседі.

Сабақтағы дөңгелек үстел басындағы кездесу немесе өздерінің баспасөз мәслихатын ұйымдастырып өткізуі іскерлік этикетті қалыптастыруға зор үлес қосады. Бұндай кездесулерге танымал PR-мамандар шақырылады. Тақырып пен талқыланатын сұрақтар студенттермен бірлесе отырып алдын ала таңдалады. Таңдалған тақырып бойынша сөз алған дөңгелек үстел қонағы шеберлік сыныбын өткізеді. Студенттердің белсенділік танытып, пікір қосып отыруы, сұрақтар қоюы маңызды. Дөңгелек үстел тең дәрежедегі пікірлер алаңына айналуы керек. Мұндай басқосулар

студенттің өз ойын ірікпей ашык, дәлелді білдіруге, тындай білуге, тындата білуге, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дағдыландырады.

Студент білімін бағалаудың жаңа формаларына жедел бейімделу үшін оқытушы мен студенттің түсіністікке негізделген бірлескен жұмысы маңызды. Студенттерге тапсырмалардың орындалуына жауапкершілік бұрынғыдан да артқандығы түсіндірілді. Оқытушы тарапынан жоспарлау, бақылау, әдстемелік жетекшілік жасау арқылы студенттің өзіндік жұмыс мүмкіндіктерін арттыру қажет. СӨЖ студенттің жауапкершілігін арттырып, мәселені өзінше шешуге мүмкіндік береді. Курстағы СӨЖ формалары әртүрлі. Реферат, эссе, мерзімді баспасөз материалдарын тауып, салыстыру, талдау, компанияның имиджін құруға бағытталған жобалар жасау т.б. СӨЖ қабылдайтын кесте студенттің материалды игеріп, тапсырманы орындауына ыңғайлы жасалған әрі СӨЖ орындауға арналған әдстемелік нұсқаулар, бағыт-бағдар алдын ала беріледі. СӨЖ болашақта дипломдық жұмыс жазуға машықтандырады. Алған білімді тереңдетеді. Танымдық қызметке қызығушылық қалыптастырады. Әрине, жеке ізденген студенттің пікірі кейде қате болуы мүмкін. Сондықтан СӨЖ қабылдау кезінде орындалған тапсырмаға топтық көзқарастың болғаны дұрыс. Кейде СӨЖ тапсырмалары 2-3 студенттен құрылған топқа беріледі. Бұл да өте тиімді, себебі СӨЖ орындау кезеңіндегі олардың әртүрлі көзқарастары мен пікірталасы ақиқатқа бастайды. Жұмыстың тиімділігі, сапасы артады.

СӨЖ тапсырмаларын орындау кезеңінде оқытушы тарапынан тұрақты бақылау қажет.

Аталған инновациялық әдістер оқу үдерісінің сапасын жақсартып, студенттерді практикалық машықтандырады.

Әдебиеттер:

1. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. Алматы, 2012. – 16 с.

Сулайманова Р.Т.

п.и.к., профессордун м.а.

Ж.Баласагын атындагы КУУ, Кыргыз Республикасы

БИЛИМ БЕРУУ ПРОЦЕССИНДЕГИ МАССАЛЫК МААЛЫМАТ КАРАЖАТТАРЫНЫНЫН ОРДУ ЖАНА АЛАРГА КАРАТА ЖАЛПЫ КООМЧУЛУКТУН МАМИЛЕСИ

Азыркы коомдо жүрүп жаткан маалыматтык революциянын учурундагы баалуулук системасынын тездик менен алмашып турган этабында массалык маалымат каражаттарынын билим жана тарбия берүү процессиндеги социалдык маданий орду жеткиликтүү аңдап иликтене элек. Үй-бүлөдогү жана мектептеги билим-тарбия берүүнү уюштуруудагы калыпка салынып калган стереотиптер, өсүп келе жаткан муундарды коомдун талабына ылайык кылып даярдоодогу ММКлардын ордун толук баалоого жана алардын мүмкүнчүлүктөрүн аныктоого шарт түзө албай жатат.

Бүгүнкү күндө билим берүү менен массалык маалымат каражаттарынын ортосундагы карым-катыш байланышты түзүү маселеси философтор, психологдор, педагогдор, журналисттер жана социологдор тарабынан жүргүзүлүп жаткан дисциплиналар аралык изилдөө объекти болуп саналат. Ошондой эле учурдагы ММКлардын курамындагы телерадиоканалдардын маалыматтык маданиятты калыптандыруу процессине, окуучу жаштардын социалдашуусуна, азыркы коомдогу дайыма өзгөрмөлүү шарттарга жаш муундардын социалдык жактан ыңгайлашуусуна өбөлгө түзгөн билимдерди тандоосуна таасир этүү механизмдери ачыктала элек. Аталган изилдөөнүн алкагында билим берүү процессинин катышуучуларынын (ата-энелер, мугалимдер, окуучулар) ММКга болгон мамилелеринин өзгөрүшү жана алардын окуу-тарбия процессиндеги ролуна берген баасын талдоо аракеттери жасалды.

Каралып жаткан маселенин **актуалдуулугу** советтик мезгилде калыптанган ММКнын түрлөрүнүн өсүшү (массалык басма сөз, телекөрсөтүү, радио) жана жашы (электрондук) массалык маалыматты жайылтуучу каражаттардын ортосундагы өз ара аракеттешүүсү менен шартталган.

Изилдөөнүн **максаты** Кыргызстандагы ММКнын учурдагы абалы жана ХХІ кылымдын алгачкы этабындагы окуу процессинин катышуучулары болгон- ата-энелер, мугалимдер жана окуучулардын ага болгон мамилелеринин өзгөрүшүнө талдоо жүргүзүү эсептелет.

Изилдөөнүн **милдеттерине** ылайык окуу-тарбия процессинин катышуучуларынын ММКга болгон мамилесинин керектөөчү-мотивациялык жана баалуулук-нормативдик мүнөздөмөлөрү